

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Адами әлеуетті дамыту орталығы
«Алтын сақа» бөбекжай-балабақшасы



Тәрбиешілер: Аблаева Г.

Құрбаналиева Г.

1 қазан – қарттар күні!

Жүргізуші: Мерекелеріңіз құтты болсын ата - ана!

Көкіректен жыр төгілмей жата ма!

Зейнетіне жеттіңіздер өмірдің,

Кенеліп бір ілтипатты батаға.

Қадірлі ата - әжелер бүгінгі күні біз сіздерді мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Сіздер жас ұрпаққа әрқашан төзімділіктің, даналықтың үлгісі болып келесіздер.

Бүгінгі салтанатты мерекелеріңізбен құттықтауға сөз кезегін балабақша меңгерушісі Р.Қаламбаеваға берейік.

Жүргізуші: Асыл әжем, мақтанышым менің де

Қонақ болып отыр міне төрімде.

Өзіңе арнап балдай тәтті үніммен

Өн салатын кезім келді менің де.

Бүлдіршіндеріміздің орындауында «Ақ әжем» әнін қабыл алыңыз.

Өн: «Ақ әжем»

Жүргізуші: Балалар әже деген қандай болады?

Балалар жауабы:

Жүргізуші: Ал, сендер әжелеріңді жақсы көресіңдер ме? Сыйлайсыңдар ма?

Әжелерің қандай жақсы екен! Әжелеріңді сыйлайды екенсіңдер! Қандай керемет!

Жүргізуші: Ата көрген оқ жонар

Ана көрген тон пішер,- демекші ортаға «Қамажай» биімен қыздарымызды шақырамыз.

Би: «Қамажай»

Рахмет сендерге, балалар!

Тақпақтар

Жүргізуші: Ал сендер аталарың мен әжелеріңе арнап қандай өнерлеріңді көрсетесіңдер?

Іңкәр:

Менің әжем, жыр әжем,
Шуағы мол нұр әжем.
Ақ таяққа сүйеніп,
Аман - есен жүр әжем.
Қымбат:
Әдептілік белгісі,
Иіліп сәлем бергені.
Алла берген ұл - қызың,
Маңдайдағы жұлдызың.
Қариясы бар адам,
Дариясы бар адам.

Нұрым:
Ата үлкен кәріміз,
Қуат берген дәріміз.
Әуелете аялап,
Ардақтаймыз бәріміз.

Нұрбақыт:
Шай ішетін қоюлап,
Жақсы көрем атамды.
Сырмақ сырған оюлап,
Жақсы көрем апамды.
Нұрсерік:
Ұл қызына ерген
Немерең біз әже
Немерелеріңнен өрген
Шөбереңбіз әже.

Рахмет балалар! Тақпақты қалай жақсы айтасыңдар!
Жүргізуші: Күн нөсерін төгейік
Жырдан моншақ өрейік
Уа жамағат ал енді
Әнге кезек берейік

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін!»
Жүргізуші: Баламның табанына кірген шөгір, менің маңдайыма кірсейші
дейтін әжелер мен аталардан үлгі өнеге көріп келе жатқан кішкентай
тентектерімізді ортаға шақырайық.
Би: «Тентегім»
Жүргізуші: Балалар сендердің аталарың қандай?

Ой, қандай керемет! Рахмет сендерге балалар.

Жүргізуші: Күлімдегенкөзіңнен
Айналайынатажан
Не үлкенсый бар бізге
Өзіңбергенбатадан. депбүлдіршіндерімізаталарына «Ойыншықтар»
биінарнайды.
Би: « Ойыншықтар»
Біздіңбүлдіршіндерімізқандайөнерлі! Рахмет сендерге!

10) Тақпақтар:
Өркен:
Әжемменіңшешіре
Көпертегібіледі
Сырттажүргенкезінде
Біздіойлапжүреді
Құралай:
Меніңәжемақәжем
Ақжаулықтыжанәжем
Ақылайтқан дан әжем
Ертегісі дар әжем
Айзере:
Күлімдегенкөзіңнен
Айналайынатажан
Не үлкенсый бар бізге
өзіңбергенбатадан

Нұрайша:
Ақылқұйғансанама,
Күннен де артықрасында.
Кұналыста, аләжем,
Ылғименіңқасымда.
. Ақбаян:
Ақжаулықтыәжемді
Ай - нұрынатаңедім
Әрісіненүлгіалып
Еркінөсіпкелемін
Абдез:
Мейірімдіапалар
Балаларкеп бата алар
Қалтасынакәмпит сап
Немерегеапарар

Жүргізуші: Гүл - гүл жайнап бәріміз

Кірді біздің сәніміз

Қарттарымызды тойымен

Құттықтаймыз бәріміз.

Бәріміз бүлдіршіндерімізді «Біз бақытты баламыз!» әнімен қарсы алайық.

Ән: «Біз бақытты баламыз!»

Бүлдіршіндеріміздің сіздерге арнап өз қолдарынан жасаған сыйлықтары бар.

Қабыл алыңыздар!

Мерекелік шараны аяқтай отыра «Батамен ел көгерер,

жаңбырменен жер көгерер» демекші ата - әжелер бата, ізгі ниет -

тілектеріңіз болса, сөз кезегін өздеріңізге береміз.